«Келісілді»
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ
директоры:
_________________ Балтабаева А.С.

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**
**2021 жылдың 2-ші жартыжылдығы**

Қостанай қаласы **13.01. 2022 ж.**

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді (01 шілде 2021 жылдан – 31 желтоқсан 2021 жылға дейін). Ішкі талдау ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы тыралы 2015 ж. 18 қарашадағы Заңының 8 бабы 5 тармағына, ҚР мемлекеттік қызметіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 7 сәурінде бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізудің әдістемелік нұсқаулығына сәйкес , сонымен қатар мектеп директорынының 2022 жылдың 11 қантар № 3 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»бұйрығы негізінде 2022 жылдың 11 қантардан 13 қантарға дейін Қостанай облысы әкімдігінің білім бөлімінің басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 орта мектебі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2021 жылдың 2-ші жартыжылдығына жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы:**
Алтай Қ.Т. директордың тәрбие ісі жәніндегі орынбасары – **жұмыс тобының төрайымы.**

**Жұмыс тобының мүшелері**

Аблайханова А.К. - директордың кәсіби ісі жөніндегі орынбасары.

Курганбекова У.А. – бас есепші.

## *1. Персоналды басқару*

Өз кезегінде басқару қызметі келесі бағыттардағы басқару функциялары арқылы жүзеге асырылады: тәрбие жұмысы, ғылыми-әдістемелік жұмыс, дарынды оқушылармен жұмыс, оқу жұмысы, материалдық – техникалық қамтамасыз ету.

**Ұжымның штаты 111 адамды** құрайды, оның ішінде педагогтар мен тәрбиешілер — **76**, **35** адам техникалық персонал.

**Ұжымның накты саны 111 адамды** құрайды, оның ішінде **76** мұғалім (оның ішінде **12** мұғалім бала күтімі демалысында және **35** техникалық персонал (оның ішінде **3** адам бала күтімі демалысында, қоса жұмыс атқарғыш **3** адам). **Бүгінгі күні 1 вакансия бар**: - **1** инженер ЭВМ, Вакансиялар «Еңбек» сайтында жарияланды.

Этникалық ұлттық құрамы бойынша ұжымның 93,7 % қазақтар, 3,6 % орыстар, 0,9 % украиндер, 0,9 % чуваштар, 0,9 % өзбектер.

Оның ішінде **мұғалімдер құрамының** ұлттық құрамы: 92,4 % қазақтар, 3, 1% орыстар, 1,5 % украиндер, 1,5 % чуваштар, 1,5 % өзбектер.

**Техникалық персоналдың** этникалық ұлттық құрамы : 85,8 % қазақтар, 8,5 % орыстар, 5,7 % украиндер.

2021 жылдың 1 –ші жартыжылдығында техникалық персоналдан **5 адам жұмыстан шықты** (басқа жұмысқа ауысуына байланысты), мұғалімдер тарапынан 1 адам.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында **17 адам жұмысқа қабылданды** , оның ішінде **9** адам техникалық персонал, **8** адам мұғалімдер (оның ішінде **2** адам жас маман).

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы талдай келе, ұжымда педагогтардың біліктілік санаттарына ие екендігін атап өткен жөн. Бұл педагог –шебер **-0** педагог-зерттеуші - **24**, педагог-сарапшы **-10**, педагог-модератор - **10**, педагог-жоғары санатты **-1**, 1 санаттағы - **3**, 2 санаттағы – **4** және педагог - **10**.

Әкімшілік құрам арасында орынбасардың саны - **7**, оның ішінде педагог-зерттеуші - **5**, педагог-сарапшы – **1** , педагог-модератор - **1**,

Бірінші санатты орынбасарлар-3, магистр-1.

Жасы және жұмыс өтілі бойынша: техникалық персоналдың құрамының орташа жасы **51**, мұғалімдердің орташа жасы **42**, әкімшілік – жұмыс өтілі орта есеппен **12** жыл. **2** зейнеткер жасындағы техникалық персоналдан жұмыс жасайды. Зейнетке дейінгі жастағы жұмысшылар **8** адам, оның ішінде **5** мұғалім, техникалық персонал **3** адам.

Осылайша, сапалы құрам білім беру ұйымы ретінде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ұжым тұрақты.

Қызметкерлерді оқытудан, біліктілігін арттырудан өту мерзімдері мен тәртібі аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық

Тексерілетін кезеңде — 2021 жылдың 2-ші жартыжылдығында біліктілікті арттыру курстарында **5** адам өтті. Ақпараттық құзіреттілік қашықтықтан 56 мұғалім өтті. ПИЗа бойынша «Білім алушылардың функциоаналдық сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзыреттелігін дамыту» курсын 22 мұғалім аяқтап өтті. Аттесталатын мұғалімдермен педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын сақтау мәселелері бойынша жеке және топтық онлайн әңгімелесулер мен консультациялар өткізілді.

Тәлімгерлікті ұйымдастыру ережесін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын мұғалімдерге қойылатын талаптар бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 24.04.2020 ж. № 160 бұйрығы және № 10 мектебінің педагогикалық кеңесінің шешімі (31.08.2021 ж. № 1 хаттама), «Қостанай қаласы білім бөлімінің № № 10 жалпы білім беру мектебі» КММ 2021 жылғы № 239 бұйрығы негізінде келген жас маманға тәлімгер бекітілді.

"Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау" бағыты бойынша мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ.

Ұжым тұрақты жұмыс істейді, кадрлардың тұрақтамауы шамалы, сондай-ақ қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, № 10 орта мектеп ұжымының мүшелері 2021 жылдың 2-ші жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмады. Мектепте мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Жалпы № 10 орта мектеп ұжымының қызметі жүктелген функциялар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

***2. «Мемлкеттік қызметтер көрсету»***

Қазіргі уақытта № 10 орта мектепте 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

1. *«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» (маусымнан тамызға дейін).*

2. *«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» (2020 жылғы шілдеден бастап).*

3 . *“Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру” .*

4. *«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау».*

5. *“Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру”.*

*6. "Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау".*
*7. «Педагогикалық қызметкерлерге және оларға теңестіріген адамдарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын іске асыратын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін біліктілік санаттарын беру (рәсімдеу) үшін аттестаттауға құжаттар қабылдау».*

**2021 жылғы 2 -ші жартыжылдық бойынша № 10 орта мектепте** «Сакура» арқылы **121**оқушы мектепке қабылданып келді және өтініш бойынша кетті Мемлекеттік қызметті алудан бас тарту, қызметкерлердің сапасына немесе қызмет көрсету мерзіміне қатысты келіп түскен шағымдар болған жоқ.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» қызмет көрсету бойынша 13.10.2021 жылдың №775 дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысының негізінде 11 «Б» сынып оқушысы Нұрмұхамбет Санжар Арманұлы 2021жылдың 26 қазан мен 2022 жылдың 25 мамыры аралығында мектептің 26.10.2021 жылғы № 385 бұйрығы жеке үйден оқытылуға бойынша ауыстырылды.

«Педагогикалық қызметкерлерге және оларға теңестіріген адамдарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын іске асыратын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін біліктілік санаттарын беру (рәсімдеу) үшін аттестаттауға құжаттар қабылдау» бойынша 2021 жылыдың қараша айында аттестациядан өтуге арызданған 2 педагог-модераторға ХҚО ( ЦОН) арқылы мемлекеттік қызмет көрсетілді.

"Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" бойынша 24 ата-анадан өтіштері қабылданды, құжаттары тексеріліп жекелеген санаттарындағы оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, олардың ішінде 1 оқушы қамқорлықты, 1 оқушы патронат.

№ 10 жалпы орта білім беретін мектептің сайтында мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат үнемі жаңартылып отырады, мемлекеттік қызметер орналастырылады. Мектепте өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Мемлекеттік қызметтерге жауапты адамдар ай сайын көрсетілген мемлекеттік қызметтердің есебін жүргізеді және осы ақпаратты Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімі» КММ жібереді.

**5. "Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын басқа мәселелер»**

Білім беру ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің тиімділігі, оның ішінде оның іс-шараларын іске асыруға мектеп қоғамдастығының қатысуымен қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 10 орта мектебі» ММ әкімшілігі ата-аналар үшін жазбаша, ауызша түрде мектеп ұжымының мүшелерімен өзара әрекеттесу барысында кездескен сыбайлас жемқорлық фактілері туралы шағымдар мен өтініштер беру мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Әкімшілік мүшелері кестеге сәйкес азаматтарды қабылдайды. Қабылдау уақыты туралы ақпарат ақпараттық стендте орналастырылған.

Мектепте мемлекеттік сатып алу көлемі 2 -ші жартыжылдықта 72 болды, оның ішінде жұмсалған қаражаттың суммасы 36 146,6 т.. Оның ішінде ашық конкурстарға мектеп қатысқан жоқ. Баға ұсыныстардың сұранысы 17 , оның ішінде 3482,9 суммасына, бір көзден жасалмаған баға ұсыныстар бойынша сұраныстар 7, оның ішінде 831,4 суммасына. Ашық тауар биржалары арқылы және аукцион арқылы мемлекеттік сатып алу жасалған жоқ. Бір көзден тікелей келісімшарт арқылы жасалған мемлекеттік сатып алу көлеме 48, оның ішінде жұмсалған қаражаттың суммасы 31832,6 т.

Мектептің мемлекеттік қызметтерді көрсету мен мемлекеттік сатып алу бойынша уәкілетті органдардан тексеріс 2021 жылдың 2-ші жарты жылдығында болған жоқ.

№ 10 жалпы орта білім беретін мектептің сайтында мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат үнемі жаңартылып отырады, мемлекеттік қызметер орналастырылады. Мектепте өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Мемлекеттік қызметтерге жауапты адамдар ай сайын көрсетіліген мемлекеттік қызметтердің есебін жүргізеді және осы ақпаратты Қостанай облысы әкімдігіінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімі» КММ жібереді.Меммлекетік қызметтерді ұсыну және олардың саапсын жақсарту мәселелері тоқсан сайын № 10 жалпы орта мектебінің директорымен кездесуде қаралады. Жыл бойы жауапты тұлғалар мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша семинар-тренингтерге қатысты. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты директордың орынбасарлары Бисенова Ж.М., Алтай Қ.Т., әлеуметтік педагог Сүлеймен Амина Н. 16.11.-18.11. 2021 ж. аралығында «Мемлекеттік қызметтерді көрсету дағдыларын жетілдіру. Ерекше қажеттіліктері бар адамдармен қарым-қатынас жасау» тақырыбындағы 24 академиялық сағаттан тұратын онлайн курстан өтті, өткізген «Конструктивное решение» фирмасы. «Басқарушылық жалпыға білім беру: нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру» тақырыбында өткен онлайн-семинарға қатысып Мемлекеттік қызметтерді уақтылы сапалы көрсетуге байланысты болып жатқан өзгерістер туралы хабардар болуға, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыуға және қажетті құжаттарды рәсімдеу сауатты жүргізуге мүмкіндік алды.

Нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

**Мәселелер:** Ата-аналар компьютерлік сауаттылық дағдыларын нашар меңгерген және электрондық жүйемен өз бетінше жұмыс істей алмайды. Мемлекеттік қызмет көрсету уақытын арттырады.

3. «**Рұқсат беру функцияларын іске асыру**»

№ 10 мектеп рұқсат беру қызметін іске асырмайды.

**4. «Бақылау функцияларын іске асыру»**

№ 10 мектеп бақылау функцияларын іске асырмайды

**5. "Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын басқа мәселелер»**

Білім беру ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа карсы қызметінің тиімділігі, оның ішінде оның іс-шараларын іске асыруға мектеп қоғамдастығының қатысуымен қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 10 орта мектебі» ММ әкімшілігі ата-аналар үшін жазбаша, ауызша түрде мектеп ұжымының мүшелерімен өзара әрекеттесу барысында кездескен сыбайлас жемқорлық фактілері туралы шағымдар мен өтініштер беру мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Әкімшілік мүшелері кестеге сәйкес азаматтарды қабылдайды. Қабылдау уақыты туралы ақпарат акпараттық стендте орналастырылған.

2021 жылдың 2-ші жартыжылдық аралығында жеке тұлғалардан 29 өтініш келіп түсті. 29-дің барлығы ата-аналардан түсті, олардың барлығы қанақаттандырылды, өйткені барлығы балалардың сабақтардан босату болып келді, отбасылық жағдайлар мен тыс жерлерге демалуға баруға, балаларын сыныптан сыныпқа ауыстыруға байланысты болды. Барлық өтініштер қаралып, қанағаттандырылды, түскен шағым жоқ.

Оқу жылының басынан бастап оқушылар мен ата-аналар үшін мектепте 224833 "сенім телефоны" жұмыс істейді, ол бойынша толғандыратын мәселелер бойынша жүгінуге болады және электрондық жәшік жасалды олар өз өтініштерін жібере алады. Электрондық пошта, сенім телефонының мекен-жайы туралы хабарландырулар мектеп, АЖК фойесіндегі ақпараттық стендтерде орналасқан және оқушылар мен ата-аналардың назарына жеткізілген.

Мектепте 15 оқушы кіретін "Адал Ұрпак" ерікті клубы құрылды. Мектеп клубы қызметінің максаты жоғары өнегелі, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік Құзыретті азамат пен патриоттың қалыптасуы мен дамуы үшін мектепте жағдай жасау болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №10 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де 2021 жылдың 01 қыркүйегіндегі №258 "Адал ұрпақ" патриоттық еріктілер клубын құру туралы бұйрығы шықты. «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жетекшісі

ретінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Койтбаева Зоя Абдигаппаровна бекітілді. «Адал ұрпақ» еріктілер клубының ашылуы және жұмысы туралы ақпараттар мектептің http://sch10.kz сайтында орналасқан.
Мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимыл бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оқушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру мақсатында 2021 жылғы 2-ші жартыжылдығында мектепте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар өткізілді.

1-11 сыныптарда үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышы рәсімделді. Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру мәселелері қосылды. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысында «Нөлдік төзімділік» қағидаты туралы ақпарат берілді. Қыркүйек айында 9-11 сынып оқушылары арасында «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы өткізіліп, практикумға жалпы саны 22 оқушы қатысты. Қазан айында еліміздің сайлау қағидаттарына сәйкес 1-4 сынып оқушыларымен «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік-рөлдік ойыны, 5-8 сынып оқушыларымен «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу және 9-11 сынып оқушыларымен «Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет» дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын, сондай-ақ біздің елімізде құқықтық мемлекеттің қалыптасу ерекшеліктері талқыланды. Қараша айында 1-4 сынып оқушылары арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқауға барлығы 12 оқушы қатысты.«Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны өткізілді. Іскерлік ойынға қатысушы оқушылардың саны – 10.

2021 жылдың желтоқсан айында 9 желтоқсан «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» күніне арналған онкүндік іс-шаралар өткізілді. 12 желтоқсанында 1-11 сыныптар үшін «Адалдық сабағы» бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. "Адалдық сағаты" «Қостанай – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі республикалық және халықаралық өнер байқауларының жеңімпазы, ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің декораторы Егор Кислицынның қатысуымен өтті.

2021 жылдың 07 қазанында 1-11 сыныптар үшін «Адалдық сабағы» бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. "Парасаттылық сағаты" қоғам қайраткері, жазушы, ағартушы,"Алаш" партиясының мүшесі Міржақып Дулатовқа арналған.

«Адал ұрпақ» қалалық слетіне де «Адал ұрпақ» мүшелері белсене қатысты. Буктрейлер, авторлық өлең номинациялары бойынша бейнеролик материалдары https://youtu.be каналына жүктелді.

***Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар берді:***

1. Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ педагогикалық қызметкерлері Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Педагогикалық әдеп туралы» 2020 жылғы 11 мамырдағы бұйрығын сақтасын.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тоқсанына 1 рет мектептің ресми интернет ресурсында орналастырумен жариялаңдырумен сыбайлас құқық бұзушылықтарын алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
3. Мемлекеттік қызметерді көрсетуге жауапты тұлғалар Қазақстан Республикасынын «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158, 19.06.2020 ж. № 254 (17.07.2020 ж. өзгерістермен), 12.10.2018 ж. № 564 (17.07.2020 ж. № 305, 07.08.2020 ж. № 332 өзгерістермен), 27.05.2020 ж. № 223, 22.05.2020 ж. № 219, 28.01.2015 ж. № 39 (04.05.2020 ж. № 172 өзгертулермен), 27.01.2016 ж. № 83 (14.05.2020 ж. № 2020 өзгертулермен) бұйрықтарын қатаң сақтасын.
4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын алдын алу мәселелерін Жалпыға бірдей құқықтық мәдениеті оқу бағдарламасына еңгізсін.
5. Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ басшысы топ мүшелерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндру жұмыстарын жүргізсін.

**Жұмыс тобының төрайымы:** ______________ Алтай Қ.Т.

**Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:**
Аблайханова А.К. ________________
Курганбекова У. А.________________